

Алматы облыстық мәслихатының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы "Алматы облысының 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" N 26-162 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 28 қаңтардағы N 27-173 шешімі. Алматы облысының әділет департаментінде 2010 жылы 11 ақпанда N 2045 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 104-бабының 5-тармағына және 106-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 9 желтоқсандағы "Алматы облысының 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" N 26-162 шешіміне (2009 жылғы 25 желтоқсандағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2041 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 4-5 "Огни Алатау" және 2010 жылғы 19 қаңтардағы N 8 "Жетісу" газеттерінде жарияланған), төмендегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта төмендегі жолдар бойынша:

1) "Кірістер" "165436984" саны "164333266" санына ауыстырылсын, оның ішінде:
"трансферттердің түсімдері бойынша" "150859016" саны "149755298" санына ауыстырылсын, оның ішінде:
"республикалық бюджеттен түсетін трансферттер – барлығы" "131395480" саны "130270420" санына ауыстырылсын, оның ішінде:
"дамытуға арналған мақсатты трансферттер" "31178766" саны "30053706" санына ауыстырылсын, оның ішінде:
"білім беру объектілерін салу және жаңғыртуға" "3974876" саны "2849816" санына ауыстырылсын.

2) "Шығындар" "159189168" саны "161247149" санына ауыстырылсын.

5) "тапшылық" "-125612" саны "-3287311" санына ауыстырылсын.

6) "бюджет тапшылығын қаржыландыру" "125612" саны "3287311" санына ауыстырылсын.

9 - т а р м а қ т а ғ ы :

"411398" саны "471498" санына ауыстырылсын.

14 - т а р м а қ т а ғ ы :

"252233" саны "256338" санына ауыстырылсын;
"мың теңге" деген сөздерден кейін "облыстық бюджет қаражаты есебінен - 42400
мың теңге" деген сөздермен толықтырылсын.
15-1 және 15-2 тармақтары қосылсын:

"15-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте малды союға арналған арнайы
орындар және алаңдардың құрылысына 26 қосымшаға сәйкес аудандар мен қалалар
бюджеттеріне 100000 мың теңге сомасында нысаналы дамыту трансферттері ескерілсін
"

"15-2. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте алып қойылатын және жойылатын
ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне
өтеуге 27 қосымшаға сәйкес аудандар мен қалалар бюджеттеріне 39998 мың теңге
сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін".

17 - т а р м а қ т а ғ ы :

"10097000" саны "10133845" санына ауыстырылсын;

"951774" саны "978074" санына ауыстырылсын.

18 - т а р м а қ т а ғ ы :

"6730909" саны "5736585" санына ауыстырылсын.

19 - т а р м а қ т а ғ ы :

"2924692" саны "2981094" санына ауыстырылсын.

24 - т а р м а қ т а ғ ы :

"7499324" саны "7351365" санына ауыстырылсын.

25 - т а р м а қ т а ғ ы :

"2522476" саны "2575435" санына ауыстырылсын.

29 - т а р м а қ т а ғ ы :

"3615509" саны "3755579" санына ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

3. Көрсетілген шешімнің 5-қосымшасы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

4. Көрсетілген шешімнің 7-қосымшасы осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

5. Көрсетілген шешімнің 8-қосымшасы осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

6. Көрсетілген шешімнің 11-қосымшасы осы шешімнің 5-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

7. Көрсетілген шешімнің 12-қосымшасы осы шешімнің 6-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

8. Көрсетілген шешімнің 13-қосымшасы осы шешімнің 7-қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда б а я н д а л с ы н .

9. Көрсетілген шешімнің 14-қосымшасы осы шешімнің 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

10. Көрсетілген шешімнің 19-қосымшасы осы шешімнің 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

11. Көрсетілген шешімнің 20-қосымшасы осы шешімнің 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

12. Көрсетілген шешім осы шешімнің 11-қосымшасына сәйкес 26-қосымшамен толықтырылсын.

13. Көрсетілген шешім осы шешімнің 12-қосымшасына сәйкес 27-қосымшамен толықтырылсын.

14. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы Ж. Мықитанов

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы А. Сыдық

КЕЛІСІЛГЕН:

О б л ы с т ы қ э к о н о м и к а ж әне
б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у
басқармасының бастығы Қыдыр Қасымбекұлы Тәжібаев

2010 жылғы 28 қаңтар

Алматы	облыстық	мәслихатының
2010	жылғы	28 қаңтардағы
"Алматы	облыстық	мәслихатының
2009	жылғы	9 желтоқсандағы
"Алматы	облысының	2010-2012
жылдарға	арналған	облыстық
бюджеті	туралы "	N 26-162
шешіміне	өзгерістер	енгізу
туралы "	N 27-173	шешіміне
1-қосымша		

Алматы	облыстық	мәслихатының
2009	жылғы	9 желтоқсандағы
"Алматы	облысының	2010-2012
жылдарға	арналған	облыстық
бюджеті	туралы "	N 26-162
шешіміне		бекітілген
1-қосымша		

Алматы облысының 2010 жылға арналған облыстық бюджеті

Санаты				Сомасы мың теңге
	Сынып			
		Ішкі сынып		
		А Т А У Ы		
			I. Кірістер	164333266
1			Салықтық түсімдер	14539572
	01		Табыс салығы	7946507
	2		Жеке табыс салығы	7946507
	03		Әлеуметтік салық	6015029
	1		Әлеуметтік салық	6015029
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	578036
	3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	578036
2			Салықтық емес түсімдер	29396
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	18596
	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	18596
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8800
	1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8800
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2000
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	2000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9000
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9000
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9000
4			Трансферттерден түсетін түсімдер	149755298
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	19484878
	2		Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	19484878
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	130270420
	1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	130270420

Функционалдық топ					Сомасы мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
			А Т А У Ы		
				II. Шығындар	161247149
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1705904
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1398278
		110		Облыс мәслихатының аппараты	39385
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38645
			004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	740
		120		Облыс әкімінің аппараты	1358893
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету	689265
			002	Ақпараттық жүйелер құру	70000
			003	Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	561628
			004	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	16000
			005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	22000
	2			Қаржылық қызмет	174524
		257		Облыстың қаржы басқармасы	174524
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88237
			003	Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолғы талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	49424
			009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	11000
			014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	5250
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	20613
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	141913
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	141913
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	141913

02			Қорғаныс	606931
	1		Әскери мұқтаждар	24590
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	24590
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	16243
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	8347
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	582341
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	221189
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26267
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	8127
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	186795
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	361152
		036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	361152
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4185737
	1		Құқық қорғау қызметі	4185737
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	4185737
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3648719
		002	Медициналық айықтырғыштардың және медициналық айықтырғыштардың жұмысын ұйымдастыратын полиция бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру	22779
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2500
		006	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	50544
		011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарықтандыру	384611
		012	Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеуді және оңалтуды ұйымдастыру	24633
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	51951
04			Білім беру	23937302
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3740287

	260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1144838
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	975317
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	169521
	261	Облыстың білім беру басқармасы	2595449
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	658870
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	460441
	018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	917839
	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	286790
	058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	271509
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	3965321
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	119003
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	119003
	261	Облыстың білім беру басқармасы	3846318
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3846318
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	779359
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	16172
	003	Кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	16172
	261	Облыстың білім беру басқармасы	763187
	010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	200699
	060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	562488
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	15452335
	261	Облыстың білім беру басқармасы	9140572
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49715

			004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	9467
			005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3942
			007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	86051
			008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	367100
			009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1130500
			011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	96291
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	114071
			032	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бюджеттеріне "Өзін-өзі тану" пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын оқу материалдарымен қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	167404
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7116031
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	6311763
			004	Білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	5736585
			025	Білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	427458
			032	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейту	95000
			037	Білім беру объектілерін салу және жаңғырту	52720
05				Денсаулық сақтау	28006189
	1			Кең бейінді ауруханалар	547348
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	547348
			004	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық сақтау	547348

			ұйымдары мамандарын жіберу бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	
2			Халықтың денсаулығын қорғау	531981
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	531981
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	216617
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметтер	259593
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	55053
		017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	718
3			Мамандандырылған медициналық көмек	4397132
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4397132
		009	Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	2828005
		019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	138176
		020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	229684
		021	Онкологиялық ауруларды химия препараттарымен қамтамасыз ету	279564
		022	Бүйрек жетімсіз ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен, диализаторлармен, шығыс материалдарымен және бүйрегі алмастырылған ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету	78950
		026	Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторлармен қамтамасыз ету	454636
		027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	343923
		032	Миокард инфарктысымен науқастанушыларды тромболитикалық препараттарымен қамтамасыз ету	44194
4			Емханалар	11065548
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11065548
		010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету	10260473
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	805075
5			Медициналық көмектің басқа түрлері	201001
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	201001
		011	Жедел медициналық көмек көрсету және санитарлық авиация	178296
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	22705

9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	11263179
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3086610
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске жөніндегі қызметтер	48071
		002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	640000
		008	Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	112352
		018	Ақпараттық талдау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	42727
		032	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	575200
		033	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру	1668260
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	8176569
		026	Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	385122
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және жаңғырту	7791447
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3970531
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	2005262
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1429089
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	340749
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулар-мен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	699935
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	35110
		015	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	353295
	261		Облыстың білім беру басқармасы	576173
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	576173
	2		Әлеуметтік көмек	1194166
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1194166
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	141366

			020	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ең төменгі күнкөрістің мөлшері өскеніне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	197302
			023	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің жол жүруін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	30903
			024	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмекті төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	440595
			027	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне әлеуметтік жұмыс орындары және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге ағымдағы нысаналы трансферттер	384000
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	771103
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	771103
			001	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59405
			008	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2135
			005	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	100000
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	609563
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22418486
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	11111919
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	11111919
			010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	978074
			012	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	10133845

2			Коммуналдық шаруашылық	11306567
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	200000
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	200000
	279		Облыстың энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы	11106567
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	97139
		002	Ақпараттық жүйелер құру	60000
		004	Елді мекендерді газдандыру	724750
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1448
		010	Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттер	2981094
		015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді-мекендерді көркейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2950265
		016	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттер	2575435
		108	Жергілікті бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	46000
		113	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1537272
		114	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	133164
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5606545
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	1022965
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	680255
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18967
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	199988
		005	Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	161531
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	199236
		113	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	100533

		271	Облыстың құрылыс басқармасы	342710
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	342710
2			Спорт	3460114
		260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1405948
		001	Жергілікті деңгейде туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29867
		003	Облыстық деңгейінде спорт жарыстарын өткізу	69904
		004	Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1306177
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	2054166
		017	Спорт объектілерін дамыту	2054166
3			Ақпараттық кеңістік	658730
		259	Облыстың мұрағаттар және құжаттама басқармасы	163062
		001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17481
		002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	145203
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	378
		262	Облыстың мәдениет басқармасы	87557
		008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	87557
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	368632
		007	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	109529
		008	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	259103
		264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	39479
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18125
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілді дамыту	21030
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	324
4			Туризм	27736
		260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	27736
		013	Туристік қызметті реттеу	27736
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	437000

		260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	190000
		002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде спорт объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	190000
		262	Облыстың мәдениет басқармасы	150000
		006	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	150000
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	97000
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52367
		003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	44133
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	500
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	11780833
	1		Ауыл шаруашылығы	3295101
		255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	3226590
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	83061
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	457426
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	851
		010	Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау	457283
		011	Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдау	177233
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	404446
		016	Жеміс - жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерінің отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	383385
		020	Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын арзандату	1169770
		021	Арнаулы қоймаларды (көмінділерді) ұстау және жөндеу	10737
		113	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	82398
		258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	44113

		099	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	44113
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	24398
		020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	24398
2			Су шаруашылығы	150331
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	148000
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	64500
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	83500
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	2331
